

*С.С. Касимова\*<sup>1</sup>, Б.Нұғман<sup>2</sup>, М.С. Амрина<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, Қарағанды техникалық университетінің доценті  
E-mail: .kasimova@mail.ru*

*<sup>2</sup>философия ғылымдарының кандидаты, Қарағанды техникалық университетінің доценті  
E-mail: saule.saken2010*

*<sup>3</sup>тарих ғылымдарының кандидаты,  
академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің доценті  
Қарағанды қ., Қазақстан*

## **Т.И. ШМИДТТІҢ «ВРЕМЯ, ЛЮДИ И СУДЬБЫ «ДОМА НА НАБЕРЕЖНОЙ» ДЕРЕКТІ ПОВЕСІ – СТАЛИНДІК ҚУҒЫН-СҮРГІН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ДЕРЕККӨЗІ**

### *Аңдатпа*

Мақалада адамзат тарихының баса талқыланатын мәселелерінің бірі, кеңестік тарихтың айрықша күрделі кезеңі - сталиндік қуғын-сүргін қарастырылған. Бұрын тыйым салынған, құпия болып келген құжаттардың жария етіліп, қол жетімді болуы тақырыпты барынша тиянақты зерттеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар қазіргі таңда зерттеудегі жаңа ұстанымдарға сәйкес архивтік деректермен қоса қуғын-сүргін тарихын зерттеуге қатысты бұрын субъективті мәселелер ретінде назарға алынбаған жеке адамдар мен тұлғалардың берген куәліктері тәрізді деректемелер аса маңызға ие болуда. Авторлардың

Т.И. Шмидттің «Время, люди и судьбы «Дома на набережной» атты деректі повесін зерттеу нысаны етіп алуы да осы олқылықтың орнын толтыру мақсатынан туындайды.

Авторлар Кеңес Одағының көрнекті партия-кеңес қызметкерлерінің, үкімет мүшелерінің саяси қуғын-сүргінге ұшырауының себептерін партиялық және мемлекеттік биліктің жоғары органдарының құжаттарына негіздей отырып көрсеткен. Қатал тағдырды басынан кешкендер мен оның куәгерлерінің естеліктері мен хаттарын, жазбаларын талдау арқылы сталиндік қуғын-сүргін саясатының адамзат тарихындағы қасіреті мен салдары ашылған. Кітаптағы материалдардың кендігі мен архивтік құжаттардың түпнұсқалығының қуғын-сүргін тарихы туралы шындықты қалпына келтірудегі үлесі айқындалып, объективті баға берілген.

**Түйін сөздер:** саяси қуғын-сүргін, «Жағалаудағы үй», лагерь, балалар үйі, жер аудару, түрме.

*Касимова С.С. \*<sup>1</sup>, Нұғман Б.<sup>2</sup>, Амрина М.С. <sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>кандидат исторических наук, доцент Карагандинского технического университета  
E-mail: kasimova@mail.ru*

*<sup>2</sup>кандидат философских наук, доцент Карагандинского технического университета  
E-mail: saule.saken2010*

*<sup>3</sup>кандидат исторических наук, доцент  
Карагандинского университета им. академика Е.А. Букетова,  
г. Караганда, Казахстан*

## **ДОКУМЕНТАЛЬНАЯ ПОВЕСТЬ Т.И. ШМИДТА «ВРЕМЯ, ЛЮДИ И СУДЬБЫ «ДОМА НА НАБЕРЕЖНОЙ» - ИСТОЧНИК ДЛЯ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ СТАЛИНСКИХ РЕПРЕССИИ**

### *Аннотация*

В статье рассматривается один из наиболее обсуждаемых проблем истории человечества, особо противоречивых периодов советской истории - сталинские репрессии. Легализация ранее запрещенных, засекреченных документов, а также доступ к обработке их, позволили более детально изучить тему. Следует отметить, что сегодня в соответствии нового подхода исследования, наряду с архивными данными, большое значение приобретают по истории репрессий такие реквизиты как личные свидетельства физических лиц, которые ранее не принимались во внимание как субъективные позиции. Выбор авторами документальной повести Т.И. Шмидта «Время, люди и судьбы «Дома на набережной» вытекает с позиции восполнения цели данного пробела.

На основе официальных документов высших органов партийной и государственной власти авторами выявлены причины политических репрессий членов правительства и видных партийно-

советских работников Советского Союза. Анализируя воспоминания, письма, записи тех свидетелей, которые пережили жестокую судьбу, раскрываются ужасы и последствия политики сталинской репрессий. Широта материалов, содержащихся в книге, и подлинность архивных документов определяют вклад в восстановление истины об истории репрессий, дана объективная оценка.

**Ключевые слова:** политические репрессии, «Дом на набережной», лагерь, детский дом, ссылка, тюрьма.

*S.S.Kassimova\*<sup>1</sup>, B.Nugman<sup>2</sup>, M.S.Amrina<sup>3</sup>*

<sup>1</sup> *candidate of historical sciences, associated professor of Karagandasta tetechnical university,  
E-mail:kassimova@mail.ru*

<sup>2</sup> *candidate of philosophical Sciences, associated professor of Karagandasta tetechnical university,  
E-mail:saule.saken2010.*

<sup>3</sup> *candidate of historical sciences, associated professor of Karaganda Buketovuniversity  
Karaganda, Kazakhstan*

## **T.I. SCHMIDT'S DOCUMENTARY STORY «VREMYA, LYUDI I SUDBY «DOMA NA NABEREZHNOY» - A SOURCE FOR STUDYING THE HISTORY OF STALINIST REPRESSIONS**

### *Abstract*

This article deals with one of the most discussable problems of human history and a especially controversial period of soviet history: Stalin's repression. The legalization of previously prohibited, secret documents, as well as access to their processing, allowed for a more detailed study of the issue. It should be noted nowadays according to the new research approach, along with archival data, such requisites as personal testimonies of individuals, which previously were not taken into account as subjective positions, take on great importance on the history of repressions. The authors choose documentary story of T.I. Schmid's «Vremya, lyudi i sudby «Doma na naberezhnoy» as an object of study is also aimed at filling this gap.

On the basis of official documents of the supreme authorities of party and state power the authors have identified the causes of political repression of members of the government and prominent party and Soviet workers of the Soviet Union. By an analysis of the memoirs, letters, and writings of those eyewitnesses who survived the cruel fate, the horrors and consequences of Stalin's repression policy are revealed. The breadth of materials in the book and the authenticity of archival documents determine the contribution to the restoration of the truth about the history of repression, an objective appraisal is given.

**Keywords:** political repression, «Doma na naberezhnoy», prison camp, orphanage, exile, prison.

**Кіріспе.** Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін пайда болған тәуелсіз мемлекеттер дүниежүзілік қауымдастықтан өз орнын алып, дамудың демократиялық жолына түсті. Тоталитарлық, казармалық социализмнің құрсауын сілкіп тастап өркениетті елдер көшіне бет түзеген егеменді мемлекеттердің енді қайтып артына қайырылмайтыны ақиқат еді. Десек те, оларды өткенінен мәңгілік ажырата алмайтын өткел бар. Ол – тарих, кеңестік кезеңнің тарихы, таптық, коммунистік тұғырманалық ұстанымдардан ада, жаңаша зерделеуді қажет ететін тарих.

Қоғамдағы демократиялық үрдістер зерттеуге, шынайы бағасын беруге серпін берген мәселелердің бірі ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін тарихы болып табылады. Отандық, одан қала берді шетелдік ғалымдар мен зерттеушілердің, тарихшылардың зерттеу нысанына айналуымен қатар тақырыпқа деген жалпы жұртшылықтың қызығушылық танытуы арта түсті. Бұлай болудың жөні де бар, өйткені, сталиндік қуғын-сүргін қасіретін шекпеген, оның ызғарын сезінбеген отбасылар кемде-кем.

80-жылдардың аяғында баспасөз беттерінде, ғылыми-көпшілік басылымдарда қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары, қасіретті жылдардың көнекөз куәгерлері іштегі мұз боп қатқан шер-мұңды таркатып, өздерінің деректерімен, естеліктерімен бөлісе бастады. Өз кезегінде жеке адамдардың жазбаларының ғылыми айналымға түсуі мәселені зерттеудің дерекнамалық жағын байытып қана қоймай, саяси қуғын-сүргіннің қаралы ақиқатын айтуға мүмкіндік берді. Дей тұрғанмен, әлі де күрмеуі шешілмеген, жауабы ашылмаған жайлар аз емес.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылы 24 қарашада «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» № 456 Жарлығының шығуы, мәселенің мемлекет-тік деңгейде қойылуы саяси қуғын-сүргін тарихын жан-жақты зерттеп, зерделеу мақсатынан туып отыр.

Ресей астанасы Москваның Кремльге қарама-қарсы қала аттас өзеннің бойында орын тепкен Серафимов көшесіндегі 2-ші үй қаланың тарихи-сәулет ескерткіштерінің бірінен саналады және мәдени мұра ретінде мемлекет қорғауына алынған. Ресми атауы – «Үкімет үйі», сондай-ақ, «КСРО Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің I Кеңестер үйі» деген атпен де танымал. 1927-1931 жж. Кеңес Одағының жоғарғы элитасына арнайы салынған. Десек те, сәулетінің ерекшелігінен гөрі оның саяси қуғын-сүргін тарихымен тығыз байланыстылығы аса маңызды.

1976 жылы «Дружба народов» журналында орыс жазушысы Юрий Трифоновтың 1930 жылдардағы «Үкімет үйі» тұрғындарының тұрмысы мен мінез-ғұрпын суреттеген «Дом на набережной» атты повесі жарық көрді. Жазушының өз отбасы да осында тұрып, 1937-1938 жж. әкешесі қуғын-сүргінге ұшыраған еді. Цензурадан әлдеқалай өтіп кеткен әдеби туындыны ел қызу, жылы қабылдады. Лезде жаңалықты іліп әкетті, үй өзінің ресми атауынан оп-оңай ажырап, «Жағалаудағы үй» деп атала бастады.

1989 жылы «Жағалаудағы үйдің» бірінші қабатында оның көзі тірі тұрғындарының, қуғын-сүргін құрбаны болғандардың ұрпақтарының бастамасымен музей ашылды. 2016 жылы Ресей астанасына ғылыми іссапар кезінде музейде болғанымызда мынаған көз жеткіздік: ынтагерлердің зор құлшынысының арқасында пәтерлерде сақталған бұрынғы жиһаздарды, антикварлық заттарды жинап, үйдің 1931-1950 жылдардағы бейнесі қалпына келтірілген. Құнды көне құжаттар, өмірбаяндық, ақтау туралы анықтамалар, картиналар, тұрғындардың тұрғындар туралы жазған кітаптары мен естеліктері, хаттар, пәтер кітабы, қуғын-сүргінге ұшырағандардың тізімі – музейдің негізгі экспонаттары. Сонымен қатар музей қызметкерлерінің ізденісі нәтижесінде архивтік құжаттар мольнан жинақталған.

Татьяна Ивановна Шмидт туғанынан бастап ұзақ жылдар «Жағалаудағы үйде» тұрып, өмірінің көбін сонда өткізген. 1989-2013 жж. музей қызметкері бола жүріп, «Жағалаудағы үйдің» тарихы, тұрғындары жайлы материалдар мен деректер жинап, музейдің құрылуына үлкен үлес қосты. Осының негізінде 2009 жылы оның «Дом на набережной. Люди и судьбы» атты алғашқы кітабы жарық көрді. Ал 2015 жылы кітап «Время, люди и судьбы «Дома на набережной» деген атпен басылып шықты. Зерттеуімізге арқау болып отырған соңғы, жаңа басылымның құндылығы оның кеңейтіліп және толықтырылып берілуінде. Деректі повесть барлығы 7 тараудан тұрады. Алғашқы тарау автордың өз отбасының тарихына арналса, қалған 6 тарау «Жағалаудағы үйдің» құрылысы мен салыну тарихынан, онда алғаш қоныс тойын тойлағандар мен қуғын-сүргін құрбаны болған тұрғындарының, олардың ұрпақтарының қасіретті тағдырынан сыр шертеді.

**Мақсаты мен міндеттері.** Қуғын-сүргін тарихына қатысты әділеттілікті қалпына келтіру, оның қасіретті салдарын ашу тақырыпты зерделеудің мақсаты болып табылады. Мақсатқа жетуде тоталитар-лық, кеңестік биліктің қуғын-сүргін саясатын жүргізудегі рөлін, тұтқындардың еңбекпен түзеу лагерьлері мен түрмелердегі өмірі мен ауыр еңбегін, олардың отбасыларының, балаларының басынан кешкен қиыншылықтарын көрсету міндеттері қойылды.

**Методология мен зерттеу әдістері.** Объективтілік және тарихилық қағидалары зерттеу жұмысының әдіснамалық негізіне алынды. Қуғын-сүргін мәселелерін ресми құжаттар мен нақты фактілерге негіздей зерттеуге басты назар аударылды, талдау, түсіндіру, салыстыру, жүйелеу әдістері қолданылды.

**Талқылау.** 1920 жылдардың екінші жартысынан бастап КСРО Орталық Комитетінде Орталық Комитет пен Орталық Бақылау комитетінің қызметкерлеріне, үкімет мүшелеріне, тағы да басқа санаттағы жауапты қызметкерлерге арнап тұрғын үй салу жөнінде мәселе көтерілді. 1927 жылға қарай КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы А.Рыковтың ұсынысымен құрамына КСРО Орталық Комитетінің хатшысы А.Енукидзе (төраға), КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінен И.Мирошников, Біріккен Саяси Бас Басқарма (ОГПУ) басшысы Г.Ягода, Москва Тұрғын үй комитетінің төрағасы Н.Попов, сәулетші Б.Иофан кірген комиссия құрылды [1, 72 б.].

Құрылысы 1931 жылға қарай аяқталған үйде 7 корпус, 24 подъезд, 505 пәтер, «Ударник» кинотеатры, азық-түлік және шаруашылық тауарлары дүкені, асхана, шаштараз, балабақша, телеграф, жинақ кассасы, клуб, кір жуатын орын болды. Тұрғындарға саны көп қызметкерлер мен тазалаушылар қызмет көрсетті, подъездерді кара көк форма киген арнайы күзетшілер күзетті. Бір сөзбен айтқанда, «Үкімет үйінің» тұрғындарына – кеңестік элитаға сол кездің өлшеммен барлық қауіпсіздік шаралары қамтылған әлеуметтік жағдайдың жоғары деңгейі жасалды. Алайда сәулет өнеріндегі конструктивизм бағытының ескерткіші саналған Москва қаласындағы 1952 жылға дейінгі ең биік тұрғын үйдің тұрғындары оның атына сай ғұмыр кешкен жоқ, көпшілігі 1932-1938 жж. сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Жылдар өте қасіретті тарихқа айғақ болған, оның куәгері іспеттес үйдің халық жадында «Жағалаудағы үй» болып қалуы да осыған байланысты.

Қуғын-сүргін тарихы 20-жылдардың бас кезінен тамыр тартады. Большевиктік билік өзінің саяси және таптық қарсыластарына күдікпен қарап, олардың әр басқан қадамын қалт жібермей құқық қорғау органдары тарапынан бақылау орнатты. 20-жылдардың екінші жартысында жоғары биліктегілер арасында елдің дамуындағы экономикалық, шаруашылық реформалар мен социалистік қайта құрулар жайында қызу дискуссиялар, пікірталастар жүрді. Ойлары Сталин мен оның төңірегіндегілердің көзқарасымен үйлеспегендер «оңшыл ағымға», «буржуазияшыл ұлтшылдарға», кеңеске қарсы элемент-терге айыпталып, қудалауға түсті. 30-жылдардың ортасында халықаралық жағдайдың шиеленісуінен Кеңес Одағына сырттан төнген қауіп туралы қауесет артты. Ел ішінде сенімсіздік орнады. Уақыт көрсеткендей, өзін ақтамаған реформалардың салдарына, кеткен қателіктерге, ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру саясаты туғызған аштыққа кінәлілер ретінде кезінде оған сын айтқандар қуғын-сүргінге ұшырады. Жазықсыз адамдарға өтірік, ойдан шығарылған айыптар таңылды. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қолымен жалған хаттамалар мен құжаттар құрастырылды, көрсетулер жасалды.

«Жағалаудағы үй» тұрғындарының қанқұйлы саясаттың тұзағына ілінуі оның пайдалануға берілген алғашқы жылдарында-ақ басталыпты. 1932 жылы инженер-конструктор В.Осинский қамауға алынып, көп ұзамай бостандыққа шыққанымен, 1937 жылы қазанда қайта тұтқындалып, екі айдан кейін ату жазасына кесілді. 1933 жылы ақпанда тұтқындалып, Ухтпечлагқа айдалған КСРО Жер халық комиссарының орынбасары А.Маркевич 1938 жылы ақпанда атылды. Осы жылы экономист Т.Мяглова, 1934 жылдың басында оның күйеуі, 1925-1930 жж. Украинаның Қаржы халкомы, 1930 жылдан КСРО ОАК Бюджет комиссиясы төрағасының орынбасары М.Полоз, 1935 жылы Украина Халком Кеңесі төрағасының орынбасары және Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы Ю.Коцюбинский тұтқынға алынды [1, 130 б.]. Т.Мяглова мен М.Полоз тұтқындалғаннан кейін олардың отбасы мүшелері «Жағалаудағы үйдегі» № 199 пәтерден шығарылып, пәтер сталиндік қуғын-сүргінді іске асыруда белсенділік танытқан Москва қалалық комитетінің хатшысы, болашақ КСРО ОК Бас хатшысы Н.Хрущевтің отбасына берілді.

1936 жылдың жазы Кеңес Одағының қоғамдық-саяси өмірінде үлкен дүрбелеңмен есте қалды. 19-24 тамызда Москвада «троцкистік және зиновьевтік орталықтың» қылмысы бойынша ашық сот процесі өтті. Көрнекті саяси қайраткерлер Г.Зиновьев пен Л.Каменев бастаған 13 партия-кеңес қызметкеріне 1932 жылы Л.Троцкийдің нұсқауымен жасырын контрреволюциялық «біріккен орталық» құрды, Кеңес Одағының басшыларына қастандық жасау үшін лаңкестік әрекеттер дайындады, фашистік Германиямен тыңшылық байланыс жасады деген айыптар тағылып, өлім жазасы кесілді [2, 1-8 бб.].

Іске қатысы бар деп «Жағалаудағы үйден» 19 адам тұтқындалды: КСРО ОАК қызметкері И.Акимов, Кеңестік Бақылау комиссиясының қызметкері Э.Вейнбаум, «Известия» газетінің бұрынғы редакторы, журналист В.Виленский-Сибиряков пен оның әйелі М.Виленская, Мемлекеттік банк төрағасы Л.Марьясин мен оның орынбасары Г.Аркус, қарт большевик, бұрынғы РКФСР Халком Кеңесінің төрағасы және КСРО Жоғарғы Сотының мүшесі, зейнеткер А.Галкин, халықаралық социал-демократиялық қозғалыстың мүшесі, партиялық публицист, қамауға алынғанға дейін БКП(б) ОК халықаралық ақпарат бюросының меңгерушісі қызметін атқарған К.Радек, тағы басқалар сотталды [1, 131 б.]. Олардың көпшілігі қылмыстары «әшкереленіп», 1936 жылы 4 қазанда БКП(б) ОК Саяси бюро-сы қабылдаған, троцкистік-зиновьевтік ұйымның мүшелері деп көрсетілген 585 адамның тізіміне кірді.

К.Радекке және басқаларға қатысты 1937 жылы 5 қаңтарда КСРО Ішкі Істер халкомы Н.Ежов пен КСРО прокуроры А.Вышинскийдің Сталинге жолдаған айыптау қорытындысының жобасында Г.Зиновьев пен Л.Каменевтің және басқалардың көрсетулері бойынша К.Радек троцкистік қосымша орталыққа кірген, 1935 жылы желтоқсанда Л.Троцкийдің оған берген директивалық хатында Кеңес Одағына қарсы сатқындық, қастандық жасау туралы баяндалған делінді. Жалған құжатта К.Радектің жауабы былайша көрсетілді: «КСРО-ны басып алуға герман және жапон капиталын жіберу кеңестік аумақтарда капиталистік мүддені құрады. Бізге деревняның капиталистік психологиядан арылмаған және колхозға кіруге қарсы болған жіктері тартылады. Немістер мен жапондықтар бізден деревнядағы ахуалды өзгертуді талап ететіндіктен колхоздарды тарату немесе одан шығу керек» [3, 10 б.].

1937 жылы 25-30 қаңтарда Л.Троцкийдің сыбайластары Г.Пятаков, К.Радек, Л.Серебряков, Г.Сокольниковтар кірген «параллель антисоветтік троцкистік орталықтың» қылмыстық істеріне байланысты сот процесі жүрді [4, 1-4 б.]. Процесс аяқталған күннің ертеңінде «Власть Советов» журналында халық жауы Л.Троцкий мен оның Кеңес Одағындағы агенттері әлемдік фашизмнің агрессияшыл күштерімен тікелей астыртын байланыс жасай отырып, КСРО-да капиталистік құрылысты қалпына келтіру үшін белсенді күрес жүргізгені әшкереленгені туралы жария етілді.

Троцкизмге айыптау сталиндік үлкен террордың басталуына дем берді, себебі бұдан кейінгі келесі 1937-1938 жж. жазықсыз тұтқындалғандар мен атылғандардың көпшілігіне шығарылған үкім троцкизммен байланысты болды.

Қуғын-сүргін ауқымын кеңейту саясатындағы бетбұрыс БКП(б) ОК-нің 1937 жылы ақпан-наурыз пленумынан кейін болды. «Жапон-неміс-троцкистік зиянкестік пен диверсия, тыңшылық сабақтары» тақырыбында негізгі баяндаманы жасаған Ішкі Істер халкомы Н.Ежов сонау 1930 жылы Н.Бухарин мен А.Рыковтың бастамасымен құрылған оңшылдардың орталығының лаңкестікпен айналысып, мемлекеттік төңкеріс жасауды көздеген қылмыстары ашылғанына тоқталды. Жергілікті жерлердегі партия-кеңес қызметкерлері берді деген көрсетулерде олардың Н.Бухариннің нұсқауымен контрреволюциялық істермен айналысқаны айтылды [3, 109-113 бб.]. Пленум қорытындысы Н.Бухарин мен А.Рыковты «оңшыл-троцкистік антисоветтік блоктың» мүшелері, «халық жаулары» деп жариялады. 1936 жылдың күзінде отбасымен Кремльден «Жағалаудағы үйдің» бірінші подъезіне көшіп келген А.Рыков осы пленумға кеткеннен үйіне оралмады, тұтқындалды [1, 132 б.]. Жазда әйелін қамауға алды, қызы Наташа Рыкованы әскери училищеде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беру құқығынан айырды, әуелі осы үйдің коммуналкасына орналастырып, кейіннен Москвадан Томскіге жер аударды. Мұнда революцияға дейінгі жылдары түрмеде оның әкесі отырған еді. Томск училищесінің канцеляриясына жұмысқа тұрған ол кешікпей кезінде А.Рыков отырған түрмеге түсті. Оның бұдан кейінгі өмірі Москвадағы Лубянка, Бутырка түрмелерінде, Воркутада айдауда жалғасты.

Н.Ежовтың баяндамасы бойынша пленум қабылданған қаулыда Ішкі Істер Халық комиссариатына партияның тапсырмасын орындамады, қаскүнемдер мен тыңшыларды анықтауда төрт жылға кешікті, қабілетсіздік танытты, нәтижесінде Отанын сатқан опасыздар – троцкистер мен екіжүзділер дұшпандық, тыңшылық, лаңкестік жұмыстарды кеңінен өрістетті деген сын тағылды. Сөйтіп, халық жауларын іздеп, әшкерелеуде қырағылық танытуға шақырды. Ақпан-наурыз пленумының ерекшелігі сол - енді шаруашылық басшыларының жұмысқа селқостықтары мен өнеркәсіптегі объективті қиыншылықтардың барлығы өндіріс басшылары мен мамандардың қаскүнемдік әрекеттері деп бағаланды. Бұдан қуғын-сүргіннің күшейе түсетін ызғары айқын сезілді. Солай болды да.

1937 жылы жазда «әскери-фашистік қаскүнемдер» деген жаңа қастандық «әшкереленді». 12 маусымда іс бойынша 8 адам атылды. Олардың арасында «Жағалаудағы үйден» екі адам: М.Фрунзе атындағы Әскери академияның басшысы А.Корак пен КСРО Қорғаныс Халық комиссарының орынбасары, Кеңес Одағының маршалы М.Тухачевский болды [1, 132 б.]. Мұның алдында 3 маусым күні осы үйдің 243 пәтерінде тұратын Қазақстан Халком Кеңесінің бұрынғы төрағасы, 1931-1937 жж. РКФСР Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті Ұлттар бөлімінің меңгерушісі Н.Нұрмақов тұтқындалды. «Халық жауының» әйелі ретінде қуғын-сүргін азабын тартқан Нұрмақовтың жұбайы Зүфнүн Нұрмақова осы қаралы күн туралы өзінің естелігінде: «Нығметті БОАК-дегі жұмысынан ұстады. Түнгі сағат 4-те НКВД-ның төрт адамы келіп, үйдің астан-кестенін шығарды. Нені іздеп жүргенін қайдан білейін. Қорқып кеттік. Күніне бәленше адам ұсталыпты деп еститінбіз. Көршіміз маршал Тухачевскийді де ұстап әкетіп еді» дейді [5, 134 б.]. 1937 жылдың 27 қыркүйегінде атылған Н.Нұрмақовқа пантүріктік контрреволюциялық ұлтшыл ұйымға кірді, оның басшылығымен Қазақстанда Кеңес өкіметіне қарсы көтерілістер ұйымдастырылды, зиянкестік, қастандық жұмыстары жүргізілді деген жалған айып тағылды. Сонымен қатар жазықсыз атылғандар Түркменстан ОАК бұрынғы төрағасы, КСРО ОАК төрағасы Н.Айтақов, РКФСР БОАК және КСРО ОАК қызметкерлері Д.Коркмасов, Н.Новиков, М.Чинчевой, Тәжікстан Халком Кеңесінің бұрынғы төрағасы А.Ходжибаев - «Жағалаудағы үйдің» тұрғындары еді.

Жалпы «Жағалаудағы үйден» қуғын-сүргінге ұшырағандар саны 800, оның ішінде әр жылдары барлығы 344 адам атылған. 1937 жылы 308 адам тұтқындалса, оның 104-і атылған [1, 134 б.]. Қуғын-сүргін құрбандарын бірнеше топқа бөлуге болады: жоғарғы эшелондағы партия-кеңес қызметкерлері, әскер басшылары, Ішкі Істер Халық комиссариатының қызметкерлері, бұған дейін ұлттық, автономиялық республикаларда қызмет еткендер т.б. 30-жылдары атылған Орталық Комитет мүшелері 17, Орталық Комитет мүшелігіне кандидаттар 23. Сонымен қатар өндіріс орындарында, экономикада, әр түрлі мекемелерде жұмыс істейтіндер, мәдениет пен өнер саласының қызметкерлері де бар.

1938 жылы 2-13 наурызда «оңшыл-троцкистік антисоветтік блок» ісі бойынша өткен сот процесінен кейін тұтқындалып, соңынан атылған «Жағалаудағы үйдің» тұрғындары: Центрсоюз төрағасы И.Зеленский, РКФСР Жер ісі халкомы орынбасары П.Зубарев, КСРО Орман шаруашылығы халкомы В.Иванов, КСРО Ішкі сауда халкомы А.Розенгольц, бұрынғы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы және Байланыс халкомы А.Рыков, КСРО Жер ісі халкомы М.Чернов, КСРО ОАК

төрағасы Г.Мұсабеков, т.б. болды [1, 200 б.]. Осы үйден пәтер берілген Кеңес Одағының маршалы К.Блюхерді қамауға алған уақытта ол жаңа қонысына көшіп те үлгермеді, тергеудегі азаптау мен қинауға шыдамай түрмеде қайтыс болды. Н.Голодед тұтқындау кезінде қайтыс болды. Тұтқындалғандар қатарында бірнеше ондаған хатшы-қызметкерлер де болды.

Музей қызметкерлерінің жинастырған мәліметтері бойынша 1938 жылы 147 адам тұтқындалып, соның 144-і атылған [1, 142 б.].

1939 жылы 37 тұрғын атылды. 1940 жылы атылғандар саны 16. Барлық атылған 344 адамның 38-і әйелдер [1, 148 б.]. «Халық жауларының» әйелдері Н.Тухачевская, Н.Рыкова, Л.Полонскаяларға «контрреволюциялық тыңшылықпен айналысты», «күйеуінің қылмысын жасырды» деген айыптар тағылды. Н.Бухариннің әйелі Н.Лукина-Бухарина атылғанға дейін екі жыл Бутырка түрмесінде отырды. Онымен бір камерада отырған В.Славутская өз естелігінде Бухариннің әйелі денсаулығына байланысты қозғала алмайтын болған соң үнемі гипсті корсет киіп жүргенін, тергеу кезінде құқық қорғау қызметкерлері корсетті сындырып тастағаннан кейін оны тергеуге носилкамен көтеріп әкелгенін айтады.

Кеңес Одағының барлық аймақтарында лагерьлер жүйесі орналасты. 1929 жылы тұтқындарды шалғай аудандарда ағаш құлату, кесу жұмыстарына пайдалану туралы үкімет жарлығы шықты [1, 215 б.]. Осы жылы жазда орталығы Сыктывкар қаласында орналасқан Ерекше мақсаттағы лагерьлер басқармасы құрылды. 1931 жылы оның орнына Ухта-Печора еңбекпен түзеу лагерьі құрылды. Осыдан кейін жүйелі түрде орталығы Хабаровск болған Қиыр Шығыста, Новосибирскіде, Қарағандыда, Ташкентте, Мордовиядағы Темников, Байкал-Амур т.б. еңбекпен түзеу лагерьлері құрылды [6]. Тұтқындар лагерь-лерде азап шекті, оларды ауыл шаруашылығы мен өндірісте ауыр жұмыстарға пайдаланды. 1937 жылғы 1 шілдеге қарай лагерьлерде 788 584 тұтқын болды.

Мордовиядағы Темников лагерьі Москвадан небәрі 400 шақырымда орналасты. «Жағалаудағы үйден» мұнда 28 «халық жауларының» әйелдері кесілген жазаларын өтеді. Солардың ішінде Н.Коркмасова кейіннен Воркутаға, З.Нұрмақова Карелияға, одан соң Қазақстанға ауыстырылды. Осында Р.Радек қайтыс болды. Ф.Крендель-Мороз баласы Володяны түрмеден босатуды сұрап, Ішкі Істер халкомы Л.Берияның атына жазған хатының «қабылданбайтыны» туралы жауап алғаннан кейін өзін-өзі өлтірді. Алайда бұл кезде оның баласы түрмеде қайтыс боп кеткен еді.

Тұтқындардың көбісі Қазақстан лагерьлерінде болды. 1938 жылы АЛЖИР-де «Жағалаудағы үйден» 55 әйел жазасын өтеді [1, 217 б.]. Әуелі Бутырка түрмесіне қамауға алынған тұтқындар кейіннен Мордовиядағы Темников лагерьіне жіберілді. 1938-1939 жж. Карелиядағы Сегежлағқа ауыстырылып, ондағы целлюлоза-қағаз комбинатының құрылыс жұмыстарын атқарды. Ұлы Отан соғысы басталғанда лагерьді немістер басып алуы ықтимал деген күдікпен тұтқындарды басқа лагерьлерге ауыстыра бастады. 1941 жылы 20 тамызда оларды Қазақстандағы АЛЖИР-ге әкелді. Олардың арасында З.Нұрмақова, Н.Сац, Е.Близниченко, Е.Терехова, Н.Төрехұлова т.б. бар. Ақтөбе маңына жер аударылған Тимирязев академия-сы экономика факультетінің бұрынғы деканы В.Максимовский 1941 жылдың аяғында сонда қайтыс болды. Осы жылы Ақтөбе облысында маршал М.Тухачевскийдің анасы 63 жастағы М.Тухачевская өмірмен қоштасты. Тұтқындар сондай-ақ Норильск, Краснояр өлкесі, Иркутск, Тобыл мен Томск лагерьлерінде, қиырдағы мұз құрсаңған Колымада азап шекті. Олар жан мен тән азабын қатар тартты, көпшілігі ауыр жұмысқа, ауру мен рухани азапқа төзе алмай қайтыс болды. Қатал тағдырдың тезіне тәні сынғанмен моральдық жағынан мойымағандар да болды. Тұтқындардың жүздерінен, көздерінен олардың қайғы-қасіретін жазбай тануға болатын еді.

1938 жылы ату жазасына кесілген Е.Левина-Розенгольц суретші мамандығын игерген соң 30-жылдардың басында «Жағалаудағы үйде» туған ағасы, Ішкі сауда халкомы А.Розенгольцтің қолында тұрды. 1949 жылы тамыз айында тұтқынға алынған оны Краснояр өлкесіне аттандырып, одан кейін басқа тұтқындармен бірге жылы киімсіз, қаражатсыз, азық-түліксіз қақаған қыста Енисейден әрі тайғаға алып келді. Оның анасы мен қызына жазған хаттары қорқыныш пен үрейге толы. Сондай хаттарының бірінде былай дейді: «Мама, менің қызыма көз қырыңды салып жүрші. Мен де, сендер де тағдыр тауқыметін көп тарттық, өздеріңді сақтандар, мүмкін бәрі жақсы болатын шығар. Жұмыс өте ауыр. Қатты жүдедім, тойып тамақ ішпеймін. Мұнда аяз 60 градусқа дейін жетеді. 40 градус аязда күні бойы далада ағаш жарамын. Адамдар әр түрлі, көпшілігі мәдениетті... Әзірше лас еденде ұйықтап жүрмін. ... Қымбатты қызым! Салған ақшанды алдым. Ақырындап өз-өзіме келе жатырмын. Маған күш-қуат беретін сені, анамды көремін деген ой. Саған салмақ салғаныма кешір. ...Біздің лагерьден алыс емес бір колхоз бар екен. Онда азық-түлік молырақ, көсемдердің суреттерін салып ақша табуға болады. Бірінші кезекте маған Сталиннің, Лениннің портреттерін салу керек, ендігі тапсырыс бергендер де бар. «Алтын күзді» салсам деймін» деп, оған керекті бояу, қалам, ватман қағаз, щетка т.б.

заттарды тезірек жіберуін өтінеді [1, 230 б.]. Осылайша аман қалудың жолдарын іздеп, өмір үшін арпалысқан ол кейін Енисейскіде, одан соң Подтесово кентінде сылақшы, санитарка, медбике болып жұмыс істеді. 1954 жылы Қарағандыға жіберілген соң, қаладағы театрға суретші-декоратор болып орналасты. 1956 жылы Москваға оралды.

Қуғын-сүргін адамдардың санасында өз ізін қалдырды. Е.Левина-Розенгольцтің шығармашылығында ешкімге ұқсамайтын жаңа бағыт пайда болды. Оның картиналарында ХХ ғасырдың қасіреті көрініс тапты. Дауыл соғып бүгілген, иілген ағаштардан, жүздерін қорқыныш пен үрей, үмітсіздік жайлаған, еңкейіп, тізерлеп қолдарын көкке созған адамдар тобырынан бостандықты аңсаған миллиондаған жазықсыз жандардың аянышты тағдырын көруге болады. Суретшінің аспанды бейнелеуі де ерекше, айналаны нұрға толтыруымен көрерменді өзіне баурап, үмітсізге үміт сыйлап, шарасызды өзіне тартады.

Сталиндік сұрқия саясаттың қасіретін «халық жауларының» балалары да тартты, ата-аналарынан айырылғаннан кейін олардың тағдыры ауыр болды. Оларға «Отанын сатқандар отбасыларының мүшелері» (ЧСИР – член семьи изменников Родины), «халық жауларының» балалары деген айдар тағылды. Бір отбасының балаларына бірге болуға мүмкіндік бермеді, оларды бір бірінен айырып, КСРО-ның түпкір-түпкіріндегі балалар үйлеріне жіберді. Н.Нұрмақовтың балалары Ноян мен Тамараны бірін Саратовқа, екіншісін Пензадағы балалар үйлеріне жіберді. Тамара балалар үйінде қайтыс болды.

«Күнде мектеп дәлізінде бұрышта жылап тұрған балаларды кездестіремін. Бірі еңіреп, өксиді, енді бірі үнсіз жылайды. Бұл менің қатарластарым, төртінші сыныптың балалары. Күні кеше олар жайдары, көңілді еді. Ал бүгін оның бірі жоқ. Ата-анасыз қалған балаларды жүрісінен, жасқаншақтығынан, мұңлы көздерінен бірден байқауға болатын. Жасырынбақ ойнаудың орнына олар түрмедегі ата-анасына айына 5 сом апарып беру үшін таңғы сағат 6-дан кезекке тұратын. Егер бере алмаса, әке-шешесін іздеп басқа түрмелерге баратын. Сәлемдемелерін беретін күні кезек күтіп, 5-6 сағат тұруға мәжбүр болатын, сөйтіп сабақтан қалып қоятын. Бойлары кішкентай болғандықтан ақша қабылдайтын терезеге олардың қолдары жете бермейтін еді. Үлкендер балаларды көтеріп, оларға тізімнен қателеспей ата-аналарын тауып беруге көмектесетін» [1, 134 б.]. Бұл әке-шешесі тұтқындағы Марина Металликованың естелігі. Ата-анасы тұтқындалған жүздеген балалардың өмірі осындай еді.

1937 жылға дейін тұтқындарға туысқандарымен кездесуге тыйым салынды, кейіннен алынып тасталды. Ұзақ жылдар ата-анасын, балаларын көрмегендіктен, зарығып күткен кездесу әсіресе балаларға психологиялық тұрғыдан ауыр тиді. Тағы да Марина Металликованың өміріне үңілейік. Анасын тоғыз жыл көрмеген ол 1945 жылы мерзімі аяқталса да лагерьде өз еркімен жалдамалы жұмысқа қалған анасымен ойша тілдесіп, сұлу бейнесін, мейірімді жүзін қиялында сақтап, жұбатып хаттар жазғанын, кездесуді қаншама жыл күтіп, ақыры лагерьге іздеп барып, онымен қауышқан сәтін былайша жеткізеді:

«Күртеше киіп, орамал тартқан бейтаныс әйел қасыма таяп келді де, қолын созып, жат, қарлыққан дауыспен: «қызым, Маринушка!» деді. Мен батылсызданып, жымыып артқа шегіндім. Сол сәтте қашып кеткім, жерге кіріп кеткім келді. Бұл қартайған, әбден қажыған әйел менің анам екеніне сене алмадым. Оның қарлыққан дауысынан, бөтен иісінен қорықтым.

- Неге үндемейсің, үйдегілер жайында айтсаңшы?
- Шаршадым, ұйқым келді.
- Тамақ ішші, екі күндік паекті саған сақтап қойдым.
- Шаршадым, ұйқым келді.

Анам шамды сөндіріп, екеуіміз қатар кереуетте жатырмыз. Ұзақ үнсіздіктен соң ол осы жылдардың бәрінде менімен кездесуді армандағанын, түрме мен лагерьде көрген қиындықтарын айтты. Менің жаңа анама үйренуіме көп уақыт өтті. Ал мен үйреніп, оны қайта жақсы көре бастағанымда, тағдыр бізді екінші рет ұзақ жылдарға айырды» [1, 221 б.]. Маринаның анасы А.Рябухина Москвадан 101 шақырым жердегі Струнинода бір жарым жыл тұрып, қайыра екінші рет тұтқындалып, 8 жылға Қазақстанға айдалды.

Ересек балалар оқудан, жұмыстан шығарылды. 1937-1938 жж. ата-аналары қамауға алынғаннан кейін әскери-жаттығу училищесінің тыңдаушылары В.Горбачев, В.Кангелари, И.Петерсон т.б. оқудан шығарылып, соңынан тұтқындалды. Он алты жасқа толмағандары балалар үйіне жіберіліп, кәмелет жасына жеткеннен кейін тұтқынға алынды.

Ұлы Отан соғысы басталғанда «халық жауларының» балалары күдіктілер тізімінде арнайы «штрафной батальонға» жіберілді. Сорақысы сол - соғыс біткенше оларға «халық жауының» баласымен бірге «штрафной батальон» деген ат қоса тағылды. Олардың көпшілігі майдан далаларында ерлікпен қаза тапты. Отансүйгіштіктің үлгісін көрсетіп, жауды жеңуге үлес қосып, Жеңіс күніне аман жеткендер де болды. Солардың бірі Н.Нұрмақовтың баласы Ноян Нұрмақов еді.

Ноян Нығметұлы Нұрмақов он сегіз жасында 1941 жылдың желтоқсанында Самара қаласының әскери комиссариатынан соғысқа шақырылып, Оңтүстік-Шығыс майданның 285-атқыштар дивизиясында Сталинград шайқасына, 1943 жылы 2-ші Украин майданында, Воронеж қаласы үшін болған ұрыстарға қатысты. Оның бөлімшесі жаудың шебін, ұрыс техникасын, барлау жұмыстарын жүргізіп, Кеңес әскерлерінің ілгері жылжуына жол ашып отырды. Жауынгерлік тапсырманы ойдағыдай орындап, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды. Взвод командирі Н.Нұрмақовты 1945 жылы 18 мамырда «Қызыл жұлдыз» орденімен марапаттау парағында былай делінген: «1945 жылы 6 мамырда 305,5 метрлік биіктікке шабуыл алдында Н.Нұрмақов өзінің взводымен күндіз екі мәрте миналанған ашық алаңға шығып, танкке қарсы қолданатын – 10, жаяу әскерге қарсы 12 минаны залалсыздандырды. Барлығы 74 мина жойып, тазартып, полкке қауіпсіз жол ашты». Соғыс аяқталғаннан кейін ол Германиядағы нысандарды минадан тазартуға жіберіліп, елге 1946 жылдың соңында бір-ақ оралды [7]. Ноян Нұрмақов өзінің «халық жауының» баласы емес, әкесі Нығмет Нұрмақовтай елін сүйген, халқына адал қызмет еткен, ұлтжанды қайраткердің ұрпағы екенін осылай дәлелдеді.

Соғыс аяқталғаннан кейін кәмелетке толған «халық жауларының» балаларын, жас жігіттер мен қыздарды тұтқындай бастады. Оларды жауды жеңуге үлес қосқаны да құтқарып қала алмады. Әкелері, енді бірінің шешелері атылған олардың тергеу ісінде бәріне ортақ «халық жауының қызы немесе ұлы болғаны үшін сотталған» деген жазу болды. Балаларынан ата-аналарының «жау» екенін мойындап, бас тартуды талап етті. Солардың бірі әкесі 1939 жылы атылған, өзі 1949 тұтқындалған Юрий Базилевич бол-ды. Жауап алу кезінде тергеушілер оған: «Жүздеген нағыз кеңес адамдары – халық жауларының бала-лары – өздерінің ата-аналарынан бас тартты, ал сіз олай етпейсіз. Кеңестік соттың әділдігіне сенбейтінді-гіңізбен салыстырғанда сіздің майданда болғаныңыз түкке тұрмайды» деп сенімсіздік білдірді [1, 237 б.].

Егер сталиндік қуғын-сүргін қаншалықты қатал, қатыгез болса, қарапайым өмірдегі адамдардың ниеті мен пейілі керісінше болды. Сталинизм олардың жүректеріндегі мейірім мен жылылықты сөндіре алмады. Адамдар ізгілік, қайырымдылық сияқты адами құндылықтарын жоғалтпады. Ата-анасыз қалған балаларды мұғалімдері мен тәрбиешілері қамқорлығына алды. Материалдық жағдайларын жақсарту үшін олардың күнкөрістеріне, жұмыс істеп қаражат табуларына көмектесті. Жоғары сыныпта оқитындарын еңбекке үйретіп, сабақ беруге тартты. Солардың бірі Ирина Ориент сабақ беріп, қаражат жинап, 1941 жылы алғаш рет АЛЖИР - дегі анасымен кездесуге келді.

Қуғын-сүргін құрбандарының өздерінің отбасы мүшелеріне, балаларына жазған хаттары тұтқындар-дың лагерьдегі басынан кешкен ауыр, азапты өміріне куәландырып қана қоймай, олардың жан қайғысын тереңнен сезініп, түсінуге көмектеседі. Бостандық сағатының соғатынына үміт отының сөнбеуіне дәнекер болған да сол хаттар. Қайғы мен мұң, сағыныш пен махаббат, адамның өмірге деген ерік-жігері мен құлшынысы астасып жатқан ол хаттарды толқымай, тебіренбей оқу мүмкін емес. Адам төзгісіз ауыр жұмыстарға жегіліп, суық, лас, тар қапаста өмір сүрген тұтқын әйелдердің қайраты мен қажырлылығы таң қалдырады. «Халық жауларының» әйелдері елде болып жатқан жайларға бей-жай қарай алмайды, алаңдайды, көп білгілері келеді, ел өміріндегі жағымды өзгерістерге қуанады. Оларды қызықтырмаған нәрсе кемде-кем. Темір тордың арғы жағында отырса да, еліне, қоғамға пайдалы болғысы, майданға барып, туған Отанын қорғағысы келеді. Олар өз жағдайынан гөрі балаларының жағдайына, олардың мектептегі оқу үлгерімі мен бос уақытта немен айналысып жүргеніне дейін алаңдайды. Сонымен қатар өз өмірлері туралы, түрмеде өз білімдерін қалай жетілдіріп жүргені, оқыған кітаптары туралы баяндайды. Отбасы мен Отанының қамын қатар қойған әйелдердің іс-әрекеті ерлікпен пара-пар.

Т.Мягкова жеті жыл айдауда жүргенде Верхнеуральскдегі саяси изоляторда, Астрахань, Қазақстан-дағы Шалқар мен Орал, Алматыдағы түрме, лагерьлердің барлығында болып, соңынан қиырдағы Колымадан бір-ақ шықты. «Маған хат жазуды үзбеңдер, менің бар өмірім сонда» - дейді ол туыстарына, қызы Радаға жазған хатында. «Көбірек, жиі жазыңдар, Рада жайында, тағы да Рада жайлы жазыңдаршы. Бәрі өтер, бәрі жақсы болады. Мені жақсы көріңдер, күтіндер – мен сендерге ораламын, әлі-ақ, бәріміз бұрынғыдай бақытты боламыз. Балалар туралы көп жазыңдар. Мен үшін сендерден келген кез келген ұсақ-түйектің өзі алтынмен пара-пар. Хаттар – менің туған ошағымның бөлшегі» [1, 222 б.].

АЛЖИР-дегі тұтқын әйелдерге туыстарымен хат-хабар алысуға ресми түрде 1939 жылы көктемде рұқсат етілді. Ю.Трифоновтың отбасында Қазақстанда айдауда болған анасының балалары мен туысқан-дарына жолдаған сарғайған хаттары сақталған. Хаттар мазмұны лагерьдегі әр адамның басынан өткен тағдыр тауқыметін, жүрек сыздатар сағынышын, сағы сынбаған, рухы түспеген



батылдықты, өрлікті, сұм соғысқа деген жиіркенішті бейнелейді. Сондай хаттардың бірі 1941 жылы желтоқсан айында жазылыпты.

«Сендердің бақытты және көңілдерің шат болуын тілеймін. Өзім де сондай болуға тырысамын. Бірақ «бақытты болу» қолымнан келе бермейді, әрине, мұның бәрі уақытша.... Салған сәлемдемелерінді, пиманы алдым, туфлимен екінші қыс 40 градус аязға шыдамас едім».

«1942 жыл. маусым. Осынша суық пен қорқыныштан кейін сендердің жандарыңа барып жылынғым келеді. Хатты жаңа жұмыс орны Долинкадан жазып отырмын. Онда да, мұнда да көңілім тыншыр емес. Тек сендермен бірге болғанда ғана жаным жай табатынын білем».

«1942 жыл. 15 қыркүйек. Сұрапыл соғыс! Қаза тапқандар үшін жаным ауырады. Ең болмаса медбике болып майданға барғым келеді. Бірақ мені жібермейді ғой» [1, 228 б.].

Еңбекпен түзеу лагерьлеріндегі тұтқындар арзан, тегін жұмыс күші ретінде елдің экономикасы мен индустриясының, ауыл шаруашылығының дамуына үлкен үлес қосты. Олардың қолымен тайганың батпақты, сызды ормандарында құрылысқа керекті ағаш дайындалды, жолдар, алып өндіріс орындары салынды. Ұлы Отан соғысы жылдары тұтқындар тылда жанкешті еңбектің үлгісін көрсетті. Ұлтына, нәсіліне қарамастан олардың барлығын отансүйгіштік сезім, жауға өшпенділік, жеңіске деген үміт, әділеттіліктің орнайтынына деген сенім біріктірді, сөйтіп, жеңісті жақындатты.

1937-1939 жж. «ату жазасы» берілмегендер түрмелер мен лагерьлерге 8-15 жылға айдалды, «халық жауларының» әйелдеріне 5-8 жыл берілді. 40-жылдардың екінші жартысында кесімді мерзімі біткендер бостандыққа шыға бастады. Енді олар бейбіт өмірдегі қиындықтарға тап болды – олардың ел астанасында, облыс және өндірісті орталықтарда тұру құқығы болмады. Сондықтан адамдардың көбі күнкөріс қамымен әрі жырақтағы балаларын асырау үшін лагерьлерде ерікті жалдамалылар ретінде қалып қойды. Мұндай әділетсіз шектеулер олардың өз отбасыларына оралуын ұзақ жылдарға алыстатты.

Бостандыққа шыққандардың балаларымен қауышуы оңай болған жоқ. Олар түрмелер мен лагерьлер-ден КСРО-ның барлық балалар үйлеріне хат жолдады десек артық емес. Көпшілігі тіпті балаларының өлі-тірісінен хабарсыз болды. Өйткені, «халық жауларының» балаларын бір бірінен ажыратып жіберген бола-тын. Айырылысу жылдары текке кетпеді, тағдыр салған жараны ұмыту оңай емес еді. Балалар ата-ана-ларына бірден үйренісіп кете алмады, өзара түсінісу ұзақ уақытты қажет етті. Олардың жүректеріндегі сызды жібіту, оның кілтін табу қиын болды. Әрбір екінші ана осындай күй кешті. Жазушы Ю.Трифонов-тың «Время и место» романының кейіпкері «Антипов лагерьден Москваға оралған анасымен кездеседі. Одан «паровоздың иісі шығады». Арада біршама уақыт өткен соң Антиповтың әпкесі анасымен қарым-қатынас жасаудың, сөйлесудің қиын екенін айтып, егіліп жылады». Бұл боямасыз өмір шындығы болатын.

Сталиндік саясаттың сұрқиялығы, оның халықтың сана-сезімін улағаны, елді жайлаған үрей мен қорқыныштың сананы билеп алғаны соншалық - балаларының ата-аналарының «халық жауы» екеніне сенген жағдайлар да кездесті. «Жағалаудағы үйдегі» музейде сақталған 1938 жылы атылған кеңестік партия қайраткері, 1935-1937 жж. БКП(б) ОК әкімшілік-саяси бөлімінің меңгерушісі И.Пятницкийдің әйелі Ю.Соколова-Пятницкая өзінің күнделігінде алғашқыда күйеуін «халық жауы» дегенде ұлы Володя мен екеуі сене бастағанын жазады. Ал енді біреулер қайтыс болған, кейбіреулер тіпті тірі қалған ата-аналарын ақталса да сол күйі мойындамай кеткен.

40-жылдардың аяғы 50-жылдардың басында бостандыққа шыққандардың көпшілігін қайыра лагерьлер мен түрмелер күтіп тұрды. Оларға Красноярск және басқа да қиырдағы алыс өлкелерге «өмір бойы айдауда» болу сыбағасы тиді. Солардың арасында «Жағалаудағы үйден» Е.Власова, Г.Брук, Л.Гаврилов, Н.Демченко, М.Диманштейн т.б. болды. Л.Гаврилов Красноярск өлкесіне бармас бұрын жазасын Колымада өтеген болса, 1938 жылы тұтқындалған Н.Демченко Карлагта, Горький облысындағы Унженск лагерьлерінде болғаннан кейін соңғысында өз еркімен жалданып жұмысқа қалған еді. Алайда қайта тұтқындалып, 1946 жылы маусым айында Красноярск өлкесінің Туруханск ауданына өмір бойына жіберілді. 1938 жылы тұтқындалған бұрынғы КСРО Тамақ өнеркәсібі халкомының орынбасары В.Катанян-Ломтатидзе Норильскіде тиісті мерзімін өтеген соң, 1947 жылы қайыра 10 жылға Красноярск өлкесіне айдалып, онда 1955 жылға дейін болды.

Мынаны айтқымыз келеді, мерзімін өтегендердің екінші рет сотталатындай ешқандай қылмысы болған жоқ. Ол үшін Сталин мен ол идеологы болған құқықтық жүйеге тән негізсіз күдік пен секем алу жетіп жатты. Кез-келген нәрсе сылтау болды. Мысалы, әйелдердің өздерінің, болмаса тұтқындағы күйеулерінің жазықсыз екендігін айтып, босатуды сұраған өтініштері оларды қайыра түрмеге тоғытуға себеп болды. Е.Серебровская алғашқы жазасын АЛЖИР-де өткеріп, 1946 жылы Ресейге оралады. 1932-1937 жж. КСРО Ауыр өнеркәсіп халкомының орынбасары болған, 1938 жылы 10 ақпанда атылған күйеуі А.Серебровскийдің халыққа сіңірген зор еңбегін айтып, 1948 жылы Сталинге хат

жазғаннан кейін ұзамай қайта тұтқындалды. Екінші рет ол «халық жауының» әйелі ретінде емес, жеке қылмыскер ретінде сотталып, Мордовиядағы Темников лагеріне айдалып, жазықсыз 1955 жылға дейін отырды.

Сталиндік саясаттың қанды шеңгеліне іліккендер арасында қуғын-сүргінді өз қолымен жүргізіп, оған үлес қосқандар да болды. Солардың ішінде 1935-1936 жж. Қазақстанның Ішкі Істер халкомы С.Реденс, Сталинге өте жақын болған, 1938-1953 жж. КСРО Ішкі Істер халкомы, Ішкі Істер министрі Л.Берияның өзі де бар. 1953 жылы 23 желтоқсанда атылған Л.Берия «Жағалаудағы үйде» көп тұрмаған, пәтерақыны жеңілдікпен төлейтіндер тізімінде тіркеліпті.

Сотталғандардың көпшілігі істерінде «қылмыс құрамының болмауы» себепті ақталды. Саяси ақтау науқанының аяғына дейін жүргізілмегені, жартыкештігі белгілі. «Халық жауы» категориясында биліктің жоғары эшелонында болған Кеңес Одағының аса ірі қайраткерлері, «Жағалаудағы үйдің» тұрғындары А.Розенгольц, И.Смигла, М.Чернов, «оңшыл оппозиция» бойынша атылған А.Рыков және басқалар қалып қойды.

Шындығында сол кезеңде Сталин ойлағандай оның жеке дара билігіне қауіп төндіретіндей ұйымдасқан оппозицияның құрылуына алғышарттар болған жоқ. Наразылық пен басқаша көзқарастағылардың стихиялық және аз ғана көріністері басылып тасталды [7, 326 б.]. Қайта құру кезеңіндегі демократиялық үрдістердің лебімен 1988 жылы ақпанда «оңшыл оппозиция» бойынша атылған қайраткерлер толық ақталды.

**Қорытынды.** Сонымен Т.И. Шмидттің «Время, люди и судьбы «Дома на набережной» атты деректі повесін зердеден өткізу тоталитарлық мемлекеттің қылмысын ашып көрсетуге қосылған үлес болды. Кеңес Одағында қуғын-сүргін құрбандарын ресми тұрғыда саяси ақтау бірінші рет 50-жылдардың екінші жартысында, екінші рет 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басында жүрді, құжаттарда барлығына бірдей «қайтыс болғаннан кейін ақталды» деп көрсетілді. Алайда сынған тағдырлар, денсаулығынан айырылған, моральдық тұрғыдан мүжілген, рухани жасыған, бөгде, басқа елде, кейде жалғыздықта, қоғамнан оқшау, басқалардың, тіпті туыстарының түсінбеушілігімен өрілген өмір жалғаса берді. Ол үшін ешкім кешірім сұраған жоқ. Алдағы уақытта тағдырлары қуғын-сүргінмен қатар келіп, оған куә болған, оның құрбаны болғандардың берген деректемелерін зерттеу бағытындағы жұмыстар моральдық жағынан да, дерекнамалық мәні жағынан да маңызы арта түсетіні сөзсіз.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Шмидт Т.И. *Время, люди и судьбы Дома на набережной: документальная повесть.* – М.: Возвращение, 2015. – 304 с.
2. *Власть Советов. Журнал ВЦИК.* - 1936 г. № 16, 31 августа. – С. 1-8.
3. *Лубянка. Сталин и Главное управление госбезопасности НКВД. Архив Сталина. Документы высших органов партийной и государственной власти. 1937-1938.* Под. ред. А.Н. Яковлева; сост. В.Н. Хаустов и др. – М. - 2004. – 736 с.
4. *Власть Советов. Журнал ВЦИК.* - 1937 г. №2, 31 января. – С. 1-4.
5. *Салқынбек Д., Қабдәшев Б. Тұғыры биік тұлғалар. Зерттеулер.* – Алматы, 2011. – 204 б.
6. *Иванова Г.М. История ГУЛАГа. 1918-1958. / Монография.* – М.: Российская политическая энциклопедия (РОСПЭН), 2015. – 416 с.
7. *Шалқар Ж. Алмас қылыш таттанбайды. // Орталық Қазақстан - 7 мамыр, №48 (22 789).* - 2020.
8. *Хаустов В., Самуэльсон Л. Сталин, НКВД и репрессии 1936-1938 гг. / Монография.* – М.: Российская политическая энциклопедия (РОСПЭН), 2010. – 432 с.

*References:*

1. *Schmidt's T.I. «Vremya, lyudi i sudby «Doma na naberezhnoy»: documentary story.* – М. : Return, 2015. - 304 p.
2. *Power of the Soviets. Journal of the All-Russian Central Executive Committee.* - 1936 № 16, 31 August. - 1-8 p.
3. *Lubyanka. Stalin and the NKVD's Main Directorate of State Security. Stalin's archive. Documents of higher bodies of party and state power. 1937-1938.* Under. ed. A.N. Yakovleva; compiler. V.N. Haustov et al. – М., 2004. - 736 p.
4. *Power of the Soviets. Journal of the All-Russian Central Executive Committee.* - 1937 №2, 31 January. - 1-4 p.
5. *Salkynbek D., Kabdoshev B. High pedestals. Research.* - Almaty. - 2011. - 204 p.

6. Ivanova G.M. *History of the Gulag. 1918-1958. / Monograph. - M.: Russian Political Encyclopedia (ROSPEN), 2015. - 416 p.*
7. Shalkar Zh. *The diamond sword does not rust // Central Kazakhstan - May 7, №48 (22 789). - 2020.*
8. Khaustov V., Samuelson L. *Stalin, NKVD and repressions 1936-1938. / Monograph. - M.: Russian Political Encyclopedia (ROSPEN), 2010. - 432 p.*